

Ш.Т. Нұрман¹

¹т.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Тарих және құқық институты,
Алматы, Қазақстан

«КЕҢЕСТІК БІРЕГЕЙЛІККЕ» БАҒЫТ АЛУ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХ ОҚУЛЫҚТАРЫ МӘСЕЛЕСІНЕ

Аңдатпа

Мақалада автор кеңестік кезеңдегі тарих оқулықтарының жасалу проблемасын, атап айтқанда 1920-1930-шы жылдардағы жағдайын тарихнамалық және кеңестік билік орындарының қаулы-нұсқаулары материалдары негізінде қарастырады. Автор өз зерттеуі нәтижесінде Қазақстанда кеңестік билік орнаған жылдардан бастау алатын тарих оқулықтарындағы кеңестік бірегейліктің қалыптасуға бағыт алуының ерекшеліктерін анықтап, дәйектейді. Қазақстандағы көріністерін талдауға алады. XX ғасыр басындағы қазақстандық қоғам қайраткерлері мен ғалымдарының отандық тарихы бойынша оқулықтар мен бағдарламалар жасаудағы үлесі қарастырылады. Мақалада 30-жылдардағы кеңестік тарих ғылымындағы өзгерістер талқыланады. Кеңестік тарихи тұжырымдаманың қалыптасуы ұлттық тарихқа әсер еткені туралы қорытынды беріледі.

Түйін сөздер: тарих оқулықтары, кеңестік бірегейлік, кеңестік кезең, Қазақстан.

Nurman Sholpan¹

¹*Candidate of Historical Sciences and Associate Professor of the
Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

COURSE ON «SOVIET IDENTITY»: TO THE PROBLEMS ABOUT HISTORY TEXTBOOKS

Abstract

In the article, the author considers the problem of development of history textbooks in the Soviet period, in particular, the situation in 1920-1930 on the basis of materials of historiography and decrees of the Soviet authorities. The author identifies and substantiates the intricacies of the formation of uniform Soviet identity in history textbooks, which dates back to the years of Soviet rule in Kazakhstan. Thus, analyses relevant cases from Kazakhstan. Moreover, the contribution of Kazakhstani public figures and scientists of the early twentieth century in the development of textbooks and programs on domestic history is investigated. The article discusses the changes in Soviet historical science in the 1930s. It is concluded that the formation of the Soviet historical concept had an impact on national history.

Key words: history textbooks, Soviet identity, Soviet period, Kazakhstan.

Ш.Т. Нұрман¹

¹К.и.н., доцент, Института истории и права при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

КУРС НА «СОВЕТСКУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ»: К ВОПРОСУ ОБ УЧЕБНИКАХ ПО ИСТОРИИ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы создания учебников истории в первые годы становления советской власти, в частности, в 1920-1930-е годы, на основе историографических и

источниковедческих материалов, такие как постановления и методические указания властных структур. Автор в результате своего исследования выявляет и аргументирует особенности формирования курса на советскую идентичность в учебниках истории. Анализируется специфика подготовки учебников по истории в Казахстане. Рассматривается вклад казахстанских общественных деятелей-ученых в разработку учебников и программ по отечественной истории начала XX века. Также автором исследуются изменения в советской исторической науке в 30-е гг. Дается заключение о том, что формирование советской исторической концепции повлияло на национальную историю.

Ключевые слова: учебники истории, советская идентичность, советский период, Казахстан.

Тарих оқулықтарын тарихи жадыны қалыптастырудың тиімді құралы ретінде зерттеу тарихнаманың қолданыстағы бағыттарының біріне айналды. Бұл бағыттың зерттеушілері тарих оқулығын қоғамда қалыптасқан идеялар мен стереотиптерді бағалауға мүмкіндік беретін элеуметтік-мәдени құбылыстың көрсеткіші деп қабылдай бастады. Әрине, тарих оқулықтары отандық тарихнамадағы озық білімге негізделеді деген аксиоманы есепке алып қарастыратын болсақ.

Сонымен, оқулықтар білім берудің құрылымдық элементі ретінде күрделі және көп функциялы мәдени және саяси құбылыс ретінде пайда болады. Ал тарих оқулықтарының мазмұны жаңа өскелең ұрпақтарға елдің мәдени және тарихи дәстүрлерін игеруге, мемлекеттік тұтастық идеясын қабылдауға және өздерін сол елдің азаматтары ретінде «Менін» тануына көмектеседі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттың өзінде мектептің тарих оқулығын жазу дүркін-дүркін дискуссия туғызып, оқулықтардың бірнеше нұсқалары жарық көрді және бұл жұмыс әлі жалғасуда. Атап айтар болсақ, Қазақстан мектептерінде тарихи білім беру процесінің жаңаруы 1991 жылдан басталды. Бұл жаңару процесі бұрынғы КСРО құрамындағы барлық республикаларға тән болды. Қазіргі уақытта посткеңестік елдерде К.Маркс моделіндегі және москвалық интерпретациядағы тарихтан бас тартып «оңтүстік» рухындағы «деколонизация» тарихнамасы айтарлықтай дамыды дейді Марк Ферро [1,11].

Осы 90-шы жылдары мектеп оқулықтарына қатысты ұстаздар арасында негізінен екі бағыт қалыптасты. Бірі, тарихты оқытуды түбегейлі өзгерту керек деген ұстаздар. Олар тарихты жаңа ұстанымдар мен жаңа оқулықтар бойынша оқытуды жақтады. Келесі бағыттағы ұстаздар, қолданыстағы шамалы өзгертулері бар оқулықтарды әрі қарай қолдануға жарамды деп санады. Бұл ұстаздардың сүйенген аргументі - жаңа тарих оқулықтарын дереу жазып, жариялау мүмкін емес. Дегенмен, марксизм-ленинизм рухында жазылған «дәстүрлі» оқулықтар негізінде оқыту да мүмкін болмай қалды. Жаңа құндылықтар, жаңа ұғымдар пайда болды. Сондықтан, посткеңестік кезеңдегі алғашқы оқулықтарға КСРО-ның құлауы, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы тақырыптар енді. Басқаша айтқанда, «мектептегі тарихи білім беру жүйесіндегі өзгерістер, мектептегі тарихи білім берудің жаңа құрылымына көшуді қамтамасыз ететін және тарихи курстарды зерттеудің әр түрлі логикасын ескеретін, Қазақстан тарихының заманауи оқулығын жасауды талап етті» [2,65].

Бұл кезеңдегі оқулықтардың өзіндік мазмұндық ерекшелігі қалыптаса бастады. Зерттеушілер сондай ерекшеліктер қатарында маңызды деп мыналарды көрсетеді. Біріншіден, 1992 жылдан бастап қазақстандық оқулықтар этноцентристік бағытта болды және ұлттық тарихты көрсетуге басты назарын аударды.

Екінші бір ерекшелігі, оқушыларды тарихшылардың альтернативті көзқарастарымен және тұжырымдамаларымен тарихнамалық анықтамалар және дерек мәтіндерін бұрып арқылы таныстырды. Кейбір оқулық авторлары дерек мәтіндерін иллюстрациялар ретінде емес, өздік жұмыс тапсырмалары ретінде жариялай бастады [3].

Жалпы алғанда, оқулықтар жазу және практикада сынау - бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ процесс. 1990-шы жылдардың аяғынан бастап Қазақстан Республикасында «жаңа буын» деп аталатын оқулықтар жасала бастады десек, ол осы уақытқа дейін созылып келеді. Әлі күнге дейін Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарды тестілеу жүріп жатқаны маман еместерге де аян. Олардың әлсіз және күшті жақтарын, дамуының негізгі бағыттарын анықтауға қазір мүмкіндік бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2004 жылғы 24 мамырдағы №454 бұйрығымен барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары үшін оқулықтарды дайындауды және басып шығаруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық жариялады. Осыған байланысты, 2004/2005 оқу жылынан бастап балама оқулықтар орта мектептердің оқу процесінде қолданылады. Сонымен,

еліміздің тарихшылары мен ұстаздары тарих оқулықтарын жасау теориясымен бетпе-бет келіп, олардың сапасын бағалау әдістемесін қалыптастыру үстінде. Оқулықтың мазмұнына қатысты сапалық талаптары:

- нақты материалды ашып көрсететін сипаттамалық және теориялық материалдардың дұрыс арақатынасы;

- оқу материалын баяндау әдісі;

- қосымша мәтіннің оқулық материалын оқушылардың терең әрі кең түрде меңгеруіне әдістемелік, танымдық және ақпараттық тұрғыдан қызмет етуі;

- ескертулер, түсіндірмелер, жаңа сөздер, соңғы ашылулар туралы ақпараттар, тақырыптағы технологиялар, оқушылардың нақты өміріне жақын жағдайлар туралы түсіндірменің болуы. Сондықтан, оқулықтардың әдемі дизайны, түрлі-түсті және сапалы қағазға басылуы жеткілікті емес, олардың мазмұны мен әдістемелік аппараты аса маңызды.

«Балаларына өз тарихын қандай түрде айтатыны ... бізге сол қоғамның өзі туралы не ойлайтынын және уақыт өткен сайын оның жағдайы қалай өзгередінін білуге мүмкіндік береді» [1, 9].

Тарих оқулықтары мазмұнындағы басты мәселе, әрине кеңестік кезең тарихына, нақтырақ айтсақ, кеңестік тарихнамаға қандай қарым-қатынастамыз соған байланысты. Посткеңестік елдерде тарихты оқыту ұлтшылдық тұрғыдан үйрету жолымен жүрде, олар жас ұрпақтарға автохтонизм, тілдік сабақтастық туралы, ата-бабалар ерлігі туралы, этникалық біргеілік туралы айтады, ал Ресейді «колонизатор» деп айыптайды деп сынға алады. «Тарихтың бұрмалануына қарсы күрес жөніндегі комиссия» туралы және «жаңа буын оқулықтары» туралы қоғамдағы 1990-шы жж. бастау алған науқан кезеңі белгілі. Сондай кеңестік билік жетістіктерін «теріске шығару» жайлы мақалалардың бірінде бұрынғы кеңестік 12 республикадағы мектеп тарих оқулықтарының мазмұнын талдап, оның негізгі нәтижелері жарияланды [4]. Сонымен қатар, мемлекеттік жастардың кадрлар резервін даярлау қорының грантымен қаржыландырылған «Еуразиялық монитордың» 2009 жылдың көктемінде «Кеңестік және посткеңестік кеңестіктің тарихындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттерді қабылдау» жобасы аясында жүргізген зерттеуі тарихтың жаңа ұлттық нұсқаларын қоғамдық қабылдау дәрежесін бағалау мақсатында жүргізілді. Жоба аясындағы сауалнама бұрынғы КСРО-ның, Түркіменстанды қоспағанда, 14 елін қамтиды. Әр елден кем дегенде 1000 адамнан сұхбат алынады, олардың ішінде жасы 18-ден 30 жасқа дейінгі кем дегенде 30 шақты жас адам қатыстырылады. Барлығы 16 554 адамнан жауап алынады. Осы жобалар аясында алынған материалдардың негізінде тарихшылар тобы Сыртқы саясаттың ұлттық зертханасының қолдауымен ғылыми баяндама дайындайды [5]. Мұндай көлемді зерттеу алғаш рет жүргізілгенін атап өткен жөн.

Осы зерттеу қорытындысы бойынша, посткеңестік мемлекеттер ХХ ғасыр тарихындағы 11 оқиғаға қарым-қатынасына қарай үш топқа бөлінеді:

- кеңестік мифтен түбегейлі қол үзген елдер (Грузия, Литва, Эстония, Латвия),

- бұл мәселеге байланысты диаметралды көзқарастағы елдер (Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Молдова, Украина, Ресей)

- жақтаушылық бағытты сақтаған дерлік елдер (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан) [4].

Аталмыш зерттеушілер, Ресей және кеңестік тарихтың өздері негізгі деп есептеген бірнеше мәселелеріне қатысты жүргізген сараптамаларының қорытындысын ұсынады. Солардың ішінде, Қазақстандағы тарих оқулықтарындағы жағдай туралы талдауларына шолу түрінде тоқталып өтсек.

Посткеңестік тәуелсіз мемлекеттердегі тарихтың кеңестік нұсқасымен сабақтастықты сақтауының немесе о сабақтастықты үзуінің айқын көрсеткіші В.И. Ленинге деген қарым-қатынасы болып табылады деп түсіндіре келе, мынадай сараптама қорытындысын береді. Ленинді жағымды бағалайтындар саны Қырғызстанда - 73%, Өзбекстанда - 69%, Қазақстанда - 59% құрады. Ақпан революциясы талданған барлық мектеп оқулықтарында оң бағаланады. Атап айтқанда, ол ұлттық қозғалыстарға серпін берді. 14 мемлекеттің ішінде Ақпан революциясына жағымды баға беретіндерді Қазақстан бастайды 33%, теріс баға берудің ең жоғары көрсеткіші Грузияда 43%.

Көп ұлтты Ресей империясындағы барлық халықтардың өздерінің ұлттық экономикасы мен мәдениетін дамытуға құқықтары мен мүмкіндіктері болды деп ойлайтын тұрғындары 50%-дан жоғары Қырғызстан, Армения, Ресей, Өзбекстан елдері қатарында 5-орында Қазақстан 43%-дық көрсеткішпен тұр. Тарихтың кеңестік және жаңа ұлттық нұсқаларында Ресей империясының «халықтар түрмесі» тезисі орыс емес барлық халықтардың ұлттық езгіден зардап шекті деген

тарихи құрылысының іргетасына жатады. Бұл тезис заманауи мектеп оқулықтарында кеңестік басылымдарға қарағанда анағұрлым кең және эмоционалдық қызумен көрсетіледі.

Большевиктер өкімет басына келгеннен кейін және 1930-шы жылдардың соңына дейінгі аралық – елдегі саяси жағдайдың және мемлекеттік тәртіптің өзгеруіне тікелей байланысты тарихнамалық дәстүрлерді түбегейлі қайта құру, тарих ғылымында жаңа бағыттардың пайда болу кезеңі еді. 1920-1930 жылдардағы тарихнамалық жағдайдың ерекшелігі мынада: *тарихты зерделеу тәсілдері білім беру жүйесін, ең алдымен тарихи білім беруді өзгерту процесінде пайда болды*. Яғни, елдегі саяси жағдайдың өзгеруі туғызған тарихнамадағы жаңа тәсілдер мен тұжырымдар мектеп тарихы оқулықтарын жасау арқылы көрінді. В.И. Ленин де, И.В. Сталин де бұл процесті мұқият қадағалады және белсенді қатысты. Билік жалпы идеологиялық, теориялық және әдістемелік нұсқаулармен шектелмеді, нақты тарихи мәселелерді шешуге дайын «рецепттерді» де ұсынды. Бірқатар зерттеушілер И.В. Сталин жаңа кеңестік тарихтың моноконцепциясының негізгі жасаушыларының бірі болғандығын дәйектеп те жүр. Сол себепті мектеп тарихы оқулығының мазмұны саяси күрес құбылысы ретінде әрекет еткені сөзсіз.

Нақты фактілерге жүгінек, 1920-1930-жылдардың басында КСРО-да мектептегі тарихи білім беруді қайта құру өзекті мәселеге айналды. Қазақстанда Ж. Аймауытов алғашқылардың бірі болып 1924 жылы Орынборда басылып шыққан «Тәрбие жетекшісі» кітапшасында мектептегі тарих пәнінің мақсат-мүдделері туралы мәселе көтерді. Ж.Аймауытов тарих пәнін оқытудың мән-мазмұнына ерекше тоқталады. Тарихты 4-сыныптан бастап оқытуды ұсына отырып, қандай тарихты оқыту керек дегенге «Дүние жүзі тарихы», «КСРО тарихтарынан» бұрын алдымен балалардың күнделікті өміріне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты өз жұртының тарихын оқудан бастаған дұрыс дейді [6, 212].

Большевиктер Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1931 жылғы 5 қыркүйектегі «Бастауыш және орта мектеп туралы» қаулысына сәйкес тарихты жеке пән ретінде оқыту туралы шешім қабылдады. Бұл кеңестік биліктің тарих оқулықтарын жасауының бірінші кезеңі еді. 1930 жылдары тарих ғылымы мен тарихи білім беру жүйесін реформалау бойынша ауқымды науқан басталды. Алайда, жалпы білім беру жүйесінде ол әлі де өз орнын таба алмады. Бастауыш мектеп бағдарламаларында тек үзінді тарихи материалдар мен қоршаған қоғамдық-саяси өмірдің нақты фактілері және жұмысшылар мен шаруалардың революциялық күресінің кейбір оқиғалары ғана енді. Ал кеңес мектептерінде ұлт республикаларының тарихын оқыту туралы ол кезде ешқандай шешім қабылданбаған болатын.

Тіпті, Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1932 жылғы 25 тамыздағы «Бастауыш және орта мектептердегі оқу бағдарламалары мен режимдері туралы» қаулысында айтылған жүйелі тарих курсы болған жоқ. Дегенмен, бұл қаулыда «қоғамтану, әдебиет, тіл, география және тарих пәндерінің оқу программаларына КСРО халықтарының ұлттық мәдениетінен, көркем өнерінен, сондай-ақ тарихи дамуынан, КСРО-ның өлкетану материалдарынан (табиғат ерекшеліктері, өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық дамуы т.б.) негізгі білім беретін материалдарды енгізу қажет» деп көрсеткен болатын [6, 213]. Дегенмен, КСРО тарихының курсы оқулықтарының бір нұсқасына жазған рецензиясында Н. Бухарин: «КСРО халықтары туралы материал аз, бірақ ескі оқулықтардан айырмашылығы материал кітапқа енгізілген; Меніңше, кітап көлемінің біршама ұлғайту арқылы (ондағы мәтін тек 159 бет), бұл материалды көбейту керек» деген кемшілігін көрсетеді [7].

Ал, 1930 жылдардың ортасында КСРО-да идеологиялық көзқарастар өзгеріп, кеңестік патриотизм басты құндылық болып жарияланды. И.В. Сталин патриоттық тәрбие отандық тарихты зерттеумен тікелей байланысты екенін түсінді.

КСРО-да тарихи білім беруді қайта құрудың маңызды кезеңі КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен Бүкілодақтық большевиктер Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1934 жылғы 15 мамырдағы «КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы» қаулысының қабылдануы болды. Бұл кеңестік билік партиясы мен үкіметінің бірлескен құжаты тарих білімі мен ғылымының ұйымдастырушылық құрылымында, оның проблемалық-тақырыптық құрылымында және тарихи ұғымдарды қалыптастыруда реформалық роль атқарды.

Қаулыда кеңестік мектепте азаматтық тарихты жүргізудің тұтас әдістемелік жүйесі ұсынылды. Оның негізгі құрылымын былайша көрсетуге болады: 1) тарихи материалдарды хронологиялық ретпен баяндау; 2) оқушыларға нақты фактілер мен оқиғалар туралы қызықты етіп, көрнекі және түсінікті тілмен жеткізу және тарихи тұлғалар жайлы сипаттамаларды қосып отыру; 3) тарихи процестердің заңдылықтарын марксистік-лениндік таным негізіне келтіре отырып тарихи фактілер мен құбылыстарды талдау және жалпылау.

1934 жылы Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариатының алқасы профессор С.Ж. Асфендияров құрастырған «Қазақ тарихы программасын» бекітті. Ол орта мектептің 6-7 сыныптарында оқытуға арналған 24 сағаттық бағдарлама болды. Көп ұзамай Асфендияровтың оқулығы да жарыққа шықты. Дегенмен, ол жылдары қазақ тарихы мектептерде оқытылмай қалады [6, 213].

1936 жылы 26 қаңтарда КСРО ХКК және БКП(б) Орталық комитеті «Тарих оқулықтары туралы» жаңа қаулы қабылдады, оған сәйкес Орталық Комитеттің хатшысы А.А. Ждановтың басшылығымен оқулықтарды жетілдіріліп, қажет болған жағдайда оларға өзгертулер енгізу бойынша комиссия құрылды. Комиссияға жеке оқулықтарды қарау тобын ұйымдастыру, сонымен қатар түбегейлі өзгертілуге жататын оқулықтардың орнына байқау жариялау құқығы берілді [8].

1936 жылы 4 наурызда Саяси Бюроның тиісті қаулысы баспасөзде жарияланғаннан кейін байқау ресми түрде жарияланды. Байқау мерзімі 1936 жылдың 1 шілдесіне дейін деп белгіленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер үшін үлкен ақшалай сыйлықтар белгіленді: 1 сыйлық - 100 мың рубль, 2 сыйлық - 75, 3 - 50, 4 - 25 мың рубль. Жалпы алғанда, Ждановтың комиссиясына әртүрлі авторлар мен авторлық топтардың 46 жобасы келіп түсті, оларды комиссия мүшелері және осы жұмысқа қатысқан белгілі тарихшылар талдады.

Тарих оқулықтарының ішінде проф. А.В. Шестаков бастаған авторлар командасы құрған 3-ші және 4-ші сыныптарға арналған КСРО тарихының элементарлық курсы бойынша оқулық жеңді және 1937 жылы А.А. Ждановтың конкурстық комиссиясы оны бекітті. Алғашында бұл оқулық мектепке арналған КСРО тарихы курсының тұжырымдамасын әзірлеуде оң рөл атқарды, бірақ бұл оқулық бастауыш сыныпқа емес орта мектептерде қолданылды [9].

Ізденушілер 1917-1930 жж. аяғында тарихи білім саласындағы мемлекеттік саясатты зерттеу арқылы оны жүзеге асырудың бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетеді:

1) либералды академиялық ғылымның негіздерінің дәйекті түрде жойылуы және «қызыл профессураны» оның орнына алып келу (1920 жылдардың соңына дейін);

2) белгілі тарихшылар мен олардың ғылыми мектептерін сынға алу науқаны, мысалы, М.Н. Покровский және оның мектебі (1930 жылдардың басы);

3) тарихтың кеңестік моноконцепциясының қалыптасуы, оның барысында «барлық тарихшылар бірыңғай марксистік платформада біріктірілді» [10]. Бұл кезеңдер білім беру жүйесін ұйымдастыру формасына былай әсер етті: бірінші кезеңде - революцияға дейінгі мектептің жойылуы және ескі тарих оқулықтарын пайдаланудан бас тарту; екінші кезеңде - идеологиялық мәселелерді шешуге қабілетсіз деп танып 1923 жылы мектептің тарих курсынан бас тарту және оны қоғамтану пәнімен ауыстыру; үшінші кезеңде - білім берудің пәндік жүйесін қалпына келтіру, 30-жылдардың басында азаматтық тарихты жүйелі курсы енгізу.

1936 жылдың сәуір-мамыр айларындағы БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің қаулысымен қазақ халқы мен Қазақстанның тарихы туралы 15 баспа табақ көлемінде оқулық құрастыру туралы шешім қабылданды [11]. Оқулық ерте кезеңнен бастап сталиндік дәуірге дейінгі уақытты қамтитын ЖОО оқулығы ретінде жоспарланады. Бұл оқулықты жасау С.Ж. Асфендияров бастаған топ құрамында Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, Б. Алманов, И. Кабулов, Т. Жүргенов және т.б. көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл оқулыққа авторлар ретінде М.П. Вяткин, А.П. Чулошников, А.Н. Бернштам, Н.Т. Тимофеев, Е.Г. Федоров, П.П. Иванов, Г. Бузурбаев, В.Ф. Шахматов, А.Х. Марғұлан, А.Ф. Якунин және т.б. тартылғаны туралы деректер бар [12, 13].

Сонымен, қорыта келіп кеңестік биліктің алғашқы жылдарында тарих оқулығын жасауға ерекше көңіл бөлініп, кеңестік идеологияның негізін жасаушылардың өзі тікелей қатысқанын көріп отырмыз. Ал ұлттық тарих оқулықтарын жасау ісі қолға алына бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ферро М. Как рассказывают историю детям в разных странах мира: Пер. с фр. - М.: Высшая школа, 1992. - 351 с.

2. Абдуғулова Б.К. Учебники по истории Казахстана // Преподавание истории и обществознания в школе. 2001., № 9. — С. 65–69.

3. Зуева Л.И. Дискуссии вокруг школьного образования и казахстанские учебники по национальной истории // Вестник Карагандинского государственного университета. Серия История. Философия 2016 // <http://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/1063/Zuyeva-4-3.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

4. Филиппов А.В. Школьная история и общественное мнение в постсоветских странах // <https://cyberleninka.ru/article/n/shkolnaya-istoriya-i-obschestvennoe-mnenie-v-postsovetskih-stranah>

5. Освещение общей истории России и народов постсоветских стран в школьных учебниках истории новых независимых государств / Под ред. А.А. Данилова, А.В. Филиппова. М., 2009.
6. Тұрлығұл Т. Қазақстан тарихы пәнінің негізін қалаушы. //Ермұқан Бекмаханов және тарихи шындық/ ғылыми-публицистикалық еңбектер, естеліктер – Павлодар, 2015 – 376 б.
7. Рецензия Н.И. Бухарина на учебник, подготовленный Московским Государственным Педагогическим Институтом имени А.С. Бубнова. 23 октября 1936 г. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 120. Д. 361. Л. 9-13. Қараңыз: Лукашин А. Как в 1930-е годы писали и утверждали учебники по истории. // <https://rg.ru/2016/09/13/rodina-uchebniki-istorii.html>
8. Постановление СНК СССР И ЦК ВКП(б) "Об учебниках истории" 26 января 1936 г. // РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 163. Д. 1092. Л. 36. Қараңыз: Лукашин А. Как в 1930-е годы писали и утверждали учебники по истории. // <https://rg.ru/2016/09/13/rodina-uchebniki-istorii.html>
9. Аллабердина Г.И. Становление и развитие школьного исторического образования в СССР и Российской Федерации. Автореф. на соиск.канд.ист.наук. М., 2003. <https://www.dissercat.com/content/stanovlenie-i-razvitie-shkolnogo-istoricheskogo-obrazovaniya-v-sssr-i-rossiiskoi-federatsii>
10. Фукс А.Н. Школьные учебники по отечественной истории как историографический феномен: конец XVII в. - 1930-е гг. Автореф. на соиск.канд.ист.наук. М., 2011 // <https://www.dissercat.com/content/shkolnye-uchebniki-po-otechestvennoi-istorii-kak-istoriograficheskii-fenomen-konets-khvi>
11. ҚР Президенті архиві. Қ. 141, Т. 1, 10606-іс, 257, 315 Пп.
12. Козыбаев И.М. Историческая наука Казахстана (40-80-е годы XX века). – А., 1992. – 152 с.

References:

1. Ferro M. how to tell the history of children in different countries of the world: per. from Fr. Moscow: Higher School, 1992. - 351 P.
2. Abdugulova B. K. textbooks on history of Kazakhstan // teaching history and society in school. 2001., No. 9. - pp. 65-69.
3. Zueva L. I. discussion around school education and Kazakh textbooks on National History // Bulletin of Karaganda State University. Series History. Philosophy 2016 // <http://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/1063/Zuyeva-4-3.pdf?sequence=1&isAllowed=y>
4. Filippov A.V. school history and public opinion in post-Soviet countries / <https://cyberleninka.ru/article/n/shkolnaya-istoriya-i-obschestvennoe-mnenie-v-postsovetskih-stranah>
5. disclosure of the General History of Russia and the peoples of post-Soviet countries in school textbooks of new independent states / Ed. A. A. Danilova, A. V. Filippova. Moscow, 2009.
6. Turlygul T. is the founder of the subject of history of Kazakhstan. // Yermukan Bekmakhanov and historical truth / scientific and journalistic works, memoirs-Pavlodar, 2015-376 P.
7. review by N. I. Bukharina on a textbook prepared by the Moscow State Pedagogical Institute named after A. S. Bubnova. October 23, 1936. F. 17. Op. 120. d. 361. L. 9-13. see: Lukashin A. As in the 1930s, textbooks on history were written and approved. // <https://rg.ru/2016/09/13/rodina-uchebniki-istorii.html>
8. Postanovization of the SNK of the USSR and the CC of the CPSU(B) "on textbooks of history" on January 26, 1936. // RGASPI. F. 17. Op. 163. d. 1092. L. 36. see: Lukashin A. As in the 1930s, textbooks on history were written and approved. // <https://rg.ru/2016/09/13/rodina-uchebniki-istorii.html>
9. Allaberдина G. I. establishment and development of school historical education in the USSR and the Russian Federation. Abstract. "no," he said. Kand. East. nook. Moscow, 2003. <https://www.dissercat.com/content/stanovlenie-i-razvitie-shkolnogo-istoricheskogo-obrazovaniya-v-sssr-i-rossiiskoi-federatsii>
10. Fuchs A. N. school textbooks on domestic history as a historical phenomenon: konets XVII V.-1930 - GG. Abstract. "no," he said. Kand. East. nook. Moscow, 2011 // <https://www.dissercat.com/content/shkolnye-uchebniki-po-otechestvennoi-istorii-kak-istoriograficheskii-fenomen-konets-khvi>
11. archive of the president of the Republic of Kazakhstan. 141, Vol. 1, case 10606, pp. 257, 315.
12. Kozybaev I. M. historical science of Kazakhstan (40-80 years of XX century). - A., 1992 - - 152 P.